

**Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы**

***Күші жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 29 қазандағы N 365 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 қарашада N 3003 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 14.01.2015 N 16 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 14.01.2015 N 16 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабының 1-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері осы қаулыға қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімінің орынбасары Д.А. Могуноваға жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Е. Бекшенов
	Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 29 қазандағы № 365 қаулысына қосымша

**Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстар түрлері**

1. Тұрмыстық қалдықтарды жинау.
2. Аумақты қызылсу мұздан тазарту.
3. Аумақты қардан тазарту.
4. Аумақты қоқыстан тазарту.
5. Аумақты тұрмыстық қалдықтардан тазарту.
6. Аумақты арамшөптен тазарту.

7. Қоқысты жинау және шығару.
8. Жас бұтақтарды кесу.
9. Ағаштарды және бұталарды кесу.
10. Ағаштарды және бұталарды әктеу.
11. Ағаштар және бұталарды егу.
12. Гүлзарларды бөліп отырғызу.
13. Көгалдарды қолмен қайта қазу.
14. Шөпті шабу.
15. Фимараттарды әктеу.
16. Фимараттарды сырлау.
17. Ернеулерді әктеу.
18. Қоршауларды жөндеу және сырлау.
19. Тиеу-түсіру жұмыстары.
20. Үй-жайларды жинау.